

ХҒТАР 14.35.09

ӨОЖ 81-13

<https://doi.org/10.52269/RWEP25225>**ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ЛЕКСИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ**

Алтай А.А.* – PhD докторант, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы.

Абызова А.М. – PhD, оқытушы-дәріскер, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада «лингвистикалық интеллект» ұғымының қазіргі ғылымдағы зерттелу жайы қарастырылып, оны дамытудың құрылымдық-лексикалық әдістері берілді. Бүгінде экстралингвистикалық факторлар ықпалының артуы тілде орын алып жатқан өзгерістерді жаңаша қарау қажеттілігін туындатты. Әсіресе, адам интеллектісі мен тілдің арақатынасын анықтау өзекті болып отыр. Отандық және шетелдік зерттеушілердің антропоцентристік бағыттағы еңбектері негізінде тіл мен ақыл категорияларының байланысты екендігі дәлелденді. Біздің ұсынып отырған зерттеуімізде адамның маңызды тілдік дағдылары тоғысатын «лингвистикалық интеллект» санаты жаңа аспектіде зерделенді.

Білімалушылардың лингвистикалық интеллектісін тиімді дамыту жолдарын анықтау мақсатында сала аралық ізденістердің тұжырымдары, қолданбалы және іргелі зерттеулердің нәтижелері, эксперименттік ғылыми қорытындылар басшылыққа алынды. Нәтижесінде лингвистикалық интеллектіні дамытудың басым бағыттары мен ұтымды тетіктері сараланды. Ұғымның жүйелік ерекшеліктері айқындалды. Оны дамытуға қатысты пікірлер мен бақылауларға сүйене отырып, құрылымдық-лексикалық әдіс ұсынылды.

Жалпы, біз зерттеуімізде көрсетіп отырған әдіс тіл білімінде А.Байтұрсынұлының ізденістерімен тікелей байланысты. Ғалымның бірнеше еңбектеріндегі пікірлерін жүйелей отырып, алдымен «лингвистикалық интеллект» ұғымына анықтама берілді. Білім алушыларды оқыту мен тілді меңгертуге қатысты жұмыстарында ұстанған лингвистикалық-дидактикалық принциптері осы ұстаным шеңберіне жинақталып тың қағида ретінде белгіленді. Аталған нәтижені студенттердің лингвистикалық интеллектісін жетілдіру мақсатында пайдалануға болады.

Түйінді сөздер: интеллект, лингвистикалық интеллект, экстралингвистикалық фактор, ұғым, таным, лингвистикалық білім, лексика-құрылымдық әдіс.

СТРУКТУРНО-ЛЕКСИЧЕСКАЯ МЕТОДИКА РАЗВИТИЯ ЛИНГВИСТИЧЕСКОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Алтай А.А.* – PhD докторант, Жетісуский университет имени И. Жансугурова, г. Талдықорған, Республика Казахстан.

Абызова А.М. – PhD, преподаватель-лектор, Жетісуский университет имени И. Жансугурова, г. Талдықорған, Республика Казахстан.

В статье рассматривается понятие «лингвистический интеллект» в контексте современной науки и исследуется структурно-лексические методы его развития. Рост влияния экстралингвистических факторов сегодня обусловил необходимость по-новому взглянуть на происходящие изменения в языке. Особенно актуальным становится определение соотношения человеческого интеллекта и языка. На основе работ отечественных и зарубежных исследователей антропоцентрического направления доказано, что категории языка и разума связаны. В предлагаемом нами исследовании в новом аспекте изучена категория «лингвистический интеллект», в которой сходятся важные языковые навыки человека.

В целях определения путей эффективного развития лингвистического интеллекта обучающихся на основу были взяты результаты междисциплинарных, прикладных и фундаментальных исследований, а также экспериментальные научные выводы. В результате были проанализированы приоритетные направления и рациональные механизмы развития лингвистического интеллекта. Определены системные особенности понятия. Предложен структурно-лексический метод развития.

Метод, предложенный нами в исследовании, связан с трудами А. Байтұрсынова. Систематизируя мнения ученого, сначала было дано определение понятию «лингвистический интеллект». Лингвистико-дидактические принципы, определенные в научных трудах для обучения языку, обобщены в рамках предлагаемых принципов. Данный результат может быть использован в целях совершенствования лингвистического интеллекта студентов.

Ключевые слова: интеллект, лингвистический интеллект, экстралингвистический фактор, понятие, познание, лингвистический опыт, лексико-структурный метод.

STRUCTURAL AND LEXICAL METHODS OF LINGUISTIC INTELLIGENCE DEVELOPMENT

Altay A.A.* – PhD student, I.Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan.

Abyzova A.M. – PhD, Lecturer, I.Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Republic of Kazakhstan.

The article examines the linguistic intelligence concept in the context of modern science and explores the structural and lexical methods of its development. The increasing impact of extralinguistic factors has necessitated a reconsideration of the ongoing changes within language. In this context, the exploration of the relationship between human cognition and language has gained particular relevance.

Based on the studies of domestic and foreign anthropocentric researchers, it has been proved that the categories of language and mind are related. In the present study, the concept of 'linguistic intelligence' is examined from a novel perspective, highlighting the convergence of key human language abilities.

In order to identify ways to effectively develop students' linguistic intelligence, the results of interdisciplinary, applied and fundamental research, as well as experimental scientific conclusions, were used as a basis. As a result, priority areas and rational mechanisms for the development of linguistic intelligence were analyzed. The system features of the concept were defined. A structural and lexical method of development has been proposed.

The method proposed by us in the study is related to the works of A. Baitursynov. Systematizing the scientist's opinions, the concept of «linguistic intelligence» was first defined. The linguistic and didactic principles defined in scientific works for language teaching are summarized within the proposed principles. This result can be used to improve students' linguistic intelligence.

Key words: *intelligence, linguistic intelligence, extralinguistic factor, concept, cognition, linguistic experience, lexical and structural method.*

Кіріспе. «Лингвистикалық интеллект» ұғымы Г.Гарднер ұсынған ғылыми тұжырым негізінде түбегейлі зерттеле бастаған құбылыс. Термин қазіргі уақытта антропоэлекті бағыттың басты зерттеу нысандарының бірі. Әсіресе, экстралингвистикалық факторлардың күшеюіне байланысты тілдің адам интеллектісімен байланысын айқындау маңызды міндет. Шетелдік зерттеушілердің жұмыстарында лингвистикалық интеллект бір жағынан дара түсінік болса, екінші жағынан жалпы интеллектінің құрылымына кіреді деп қарастырылуда [1]. Ұғым ғылыми айналымға жаңадан енгеніне қарамастан, оның сипаттары мен ғылыми негіздерін қазақ зерттеушілерінің еңбектерінен табуға болады. Отандық ғылым кеңістігінде «лингвистикалық интеллект» ұғымының мәнін алғашқы болып ашып, оны дамыту жолдарын айқындаған – А.Байтұрсынұлы.

Г.Гарднер өз тұжырымында «лингвистикалық интеллект – адамның ойлау әрекетінің тіл арқылы көрініс табуы» [2] дейді. Осы мәндегі пікірді ұлт ұстазының пайымдауларынан табамыз. «Тіл адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» [3, 29 б.] деп тілдің маңызын меңзеп «сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге» [4, 154 б.] деп тұжырымдайды. Өз ойын жалғастыра отырып, тіл мен ақыл қызметтерін саралап көрсетеді. «Ақыл ісі аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Тілдің міндеті ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» [4, 154 б.]. Ғалым тілді коммуникациямен шектемей, күрделі әлеуметтік-танымдық қызметін аңғарған. Тілді пайдалануды адамның интеллектуалды әрекетіне жатқызған. Бұл туралы Н.Хомский «Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ойлау құралы» деген пікір білдіреді [5]. Солайша, тіл мен интеллект ұғымдарының синергиялық байланыс құрғанын яғни, бір-бірінің мәнін арттырып, нығайта түскенін байқаймыз. Одан бөлек, тіл мен интеллект алшақ жатқан нысандар ретінде қарастырылмаған. Керісінше, интеллект адамның сөйлеу дағдысы арқылы көрініс табатын категория саналған. Бұл ретте біз тілдің функциясы анағұрлым кеңейгенін көреміз. Бүгінгі уақытта лингвистикалық интеллектіні жан-жақты қарастыру тілді қолдану деңгейін арттырудан бөлек, адамның интеллектуалды әлеуетін жаңа қырынан айқындауға мүмкіндік ұсынатын перспективалы зерттеу объектісі болып саналды [6].

Мақсат, міндеттер. Зерттеудің басты мақсаты А.Байтұрсынұлының еңбектерінде көрініс тапқан лингвистикалық интеллектіні дамыту әдістемесін саралау. Соның негізінде тілдік зиятты жетілдірудің әдістемелік қағидаларын айқындау. А.Байтұрсынұлының зерттеулерінде тіл мен ақылдың әрекеттесімі сан түрлі көрініс тапқан. Ғалым екі ұғымды жеке бөліп қарастырмайды. Тілді практикалық қолдану мәселесін түрлі аспектілерде зерделеп, оны таным мен интеллект көрсеткіші дейді. Тілді қолдануды сәулет өнерімен байланыстырып келесідей пайым білдіреді: «Неғұрлым сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті, әдемі болып шығатыны сияқты, неғұрлым жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі, әдемі болып шықпақ» [4, 163 б.] дейді. Өз пікірін жалғай отырып «жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білуі керек» [4, 164 б.] деп айтады. Ғалымның тілді шебер қолдану ісін сәулет өнерімен байланыстыруында философиялық мән бар. Адам өз ойын нақты бейнелеп, сөз арқылы сабақтауда ой ұшқырлығына ие болуы қажет. Пікірін дәл беру үшін ойдың сөзбен сәйкестігін бұзып алмауы шарт. Бұл күрделі интеллектуалды еңбек

деген сөз. Екіншіден, сөз бен ойды тоғыстыруда «сөз өнерінің ғылымын» жетік білгені абзал. Яғни, сөйлеушіде белгілі бір деңгейдегі лингвистикалық білім қоры болуы керек. Тұлға ақыл жүйріктігі мен білім қорын тең ұстаған жағдайда ғана тілді шебер игере алады. Екі компоненттің бірі кем болса, сөйлеу немесе жазу ісінде олқылықтар орын алады. Айтылған деректерді саралайтын болсақ, біз қарастырып отырған «лингвистикалық интеллект» ұғымының А.Байтұрсынұлы зерттеулерінде өзіндік бағасы болғаны анықталады. Біздің пікірімізше, ғалым тұжырымындағы «лингвистикалық интеллект» ең әуелі тіл мен ойдың тоғысуы. Адам санасында пайда болған қиял, пікір мен ойдың тіл көмегімен дұрыс әрі есерлі көрініс табуы.

Жалпы, алаш зиялысы бұл құбылыстың тереңдігін байқай келе, оны қалыптастыруда бірнеше компоненттерді көрсетеді. Оның ішіндегі бірінші тұратын компонент өзі айтқан «сөз өнерінің ғылымын білу». Біз бұл ойды Г.Гарднер тұжырымындағы «лингвистикалық білім» элементімен байланыстырамыз. Теория авторы «лингвистикалық интеллект» ұғымын өз шеңберіне бірнеше қабілеттерді тоғыстыратын сатылы құрылым ретінде қарастырған. Өз жұмысында «лингвистикалық интеллектінің» дұрыс қалыптасып, тиісті түрде дамуының алғышарты ретінде қажетті тілдік білімнің болуын қарастырады. Сондықтан біздің пікірімізше, лингвистикалық интеллектіні дамыту жолдарын айқындауда бірінші және басты аспект ретінде «лингвистикалық білім» тұруы керек. Бұл көзқарас А.Байтұрсынұлының зерттеулерінде де нақты көрініс тапқан. Осы себепті зерттеу мақсатына сәйкес ең алдымен «лингвистикалық интеллект» ұғымының қазақ ғылымындағы мәнін айқындау, оның компоненттерін белгілеу, тілдік зиятты дамытуға жағдай туғызатын басты қағидаларды анықтау секілді міндеттер қойылды.

Материалдар мен тәсілдер. Зерттеу жұмысында «лингвистикалық интеллект» ұғымының қазақ ғылымындағы мәнін ашып, оны дамыту әдістемесін айқындау үшін сапалық зерттеу әдістері таңдалды. Оның ішінде ғылыми әдебиеттердегі деректерді саралауда контекстуалды және концептуалды талдаулар жүргізілді. Солардың негізінде ұғымның А.Байтұрсынұлы зерттеулеріндегі мәні ашылды. Термин шеңберіне кіретін ұғымдар мен түсініктер белгілі болды. Анықталған ақпараттар сипаттамалық және құрылымдық әдіс арқылы ұсынылып отыр. Ұғымның теориялық және функционалды ерекшеліктері салыстырмалы анализ көмегімен тұжырымдалды. Нәтижесінде шетелдік зерттеушілердің деректері мен басты ақпарат көздеріне талдау жасалды. Сонымен қатар, зерттеу ақпаратының мәнін тереңірек ашу мақсатында компонентті анализдің элементтері қолданылды. Танымдық зерттеу принциптері материалдарға анализ жасаудың басты ұстанымы ретінде қарастырылды.

Мақалада отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды. Басты зерттеу дереккөзі А.Байтұрсынұлының «Тіл құрал», «Әдебиет танытқыш», «Тіл жұмсар», Г.Гарднердің «Frames of mind» еңбегі және В.Николаев, J. McGee [7], L. Oliveira, J. Brian [8] секілді шетелдік зерттеушілердің ғылыми жұмыстары қолданылды. Аталған зерттеу материалдарындағы басты ғылыми деректер жүйелі талдау негізінде салыстыра отырып ұсынылды. Сол себепті берілген тұжырымдарды объективті деп тануға болады.

Нәтижелер мен талқылау. Жоғарыда айтып өткеніміздей, лингвистикалық интеллектінің дамуына жол ашатын тілдік білім. Сол себепті ең алдымен қажетті лингвистикалық білім қорын жетілдіруге мән беру шарт. Бұл тұрасында А.Байтұрсынұлы «ойын ойлаған қалпында» жеткізу үшін сөйлеуші немесе жазушыға «көп шеберлік керек» деп айтады. Бұл нақты теориялық және практикалық білім мен дағдыны білдірсе керек. Өз ойын жалғастыра отырып «сөз шығарушылар сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана қосады» [4:154] дейді. Автор тілді қолданушылардың өзіндік ерекшеліктері болатынын жоққа шығармайды. Дегенмен «өзгеше әдістің» барлығы қалыптасқан қағидаларға арқа сүйеуі керек. Яғни «лингвистикалық интеллектіні» дамытуда жеке белгілер ескерілуі шарт. Алайда оны қалыптастырудың басты талабы тіл заңдылықтары мен табиғатын тереңінен меңгеру. Біздің пікірімізше, бұл принцип «лингвистикалық интеллектіні» дамыту әдістемесінің басты шарты. Өйткені тілдің орныққан жүйесін сақтамау және оны дұрыс меңгермеу үлкен мәселелердің пайда болуына алып келеді.

А.Байтұрсынұлы «лингвистикалық интеллектіні» дамыту концепциясында сөзді басты бірлік санайды. «Сөзден құрастырып, пікірлі әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат сөз» [4, 163 б.]. Сөз тұлғаның тіл байлығын яғни лингвистикалық интеллектісінің қаншалықты жоғары екендігін көрсететін индикатор. Десе де сөздік қордың молдығы ғана жалғыз көрсеткіш болмайды. Сөзді айтылып жатқан ақпаратқа сай қолданып, сөз бен оның мағынасының байланысын бұзып алмау, сөзді мағынасына сәйкес пайдалану басты талап. Бұл ең алдымен тұлғаның өз ана тілінің құдыреті мен ішкі мәнін түсіне алғанын көрсетеді. Сондай-ақ, сөзді өз мәніне қарай қолдану тілдің басты заңдылығы екені де белгілі. «Сөзді қолдана білу деп – айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз» [4, 164 б.]. Сөздің мағыналық келбетін бұзбау, оларды дұрыс тіркестіріп, сөйлем құрастыра алу лингвистикалық интеллектінің айқын көрсеткіші болып табылады. Өйткені тілді үйренуші сөз мағынасын ажыра алмаған жағдайда оны орынды қолдана алмайды. Тіл құрылымдарын сақтауда олқылықтар орын алып, коммуникация процесі тоқырайды. Тұлғаны тілді толық игерген субъекті деп айтуға да келмейді. Ұлт ұстазы «айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек» [4, 164 б.] деп пайымдайды. Сол себепті де тілдің лексикалық табиғатын тану, сөз мағынасын меңгере білу

«лингвистикалық интеллектіні» дамытуда басты орынға қойылады. Оны ғалым «тіл қисыны» деп дәл атаған. Осылайша, біз айтып отырған тілдік білім деген ұғымның өзі сөздің лексикалық, мән-мазмұндық табиғатын тану. Ол лингвистикалық интеллектінің дамуына мүмкіндік беретін компонент. Зерттеушінің бұл турасындағы пікірлерін бірнеше қағида арқылы көрсетуге болады.

Бірінші қағида – сөздің дұрыстығы. Бұл дегеніміз қолданылатын сөз бен тіркестердің қазақ тілінің табиғатына сай болуы. Тілдің емле-ережелеріне қайшы келмей, құрылым қағидаларына сәйкес келуі. А.Байтұрсынұлы тілді қолдануда бұл принципті бірінші орынға қойды. Ол әбден заңды. Лингвистикалық интеллектінің айрықша көрінісінің бірі сөйлеушінің тілді тиісті заңдылықтардан ауытқымай пайдалана білуі болмақ [9]. Бұл қағида лингвистикалық интеллектіні ішінара зерттеумен айналысып жүрген шетелдік зерттеушілердің пікірлерінде де байқалып отыр [10]. Мұндағы мән беретін басты жайт тілді пайдаланушының құрғақ ережелерді жатқа білуі емес. Керісінше, оны іс жүзінде қолданып күрделі тілдік конструкцияларды жасай алуы. Өз пікірін логика-грамматикалық тұрғыда мінсіз білдіруге қабілетті болуы. «Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады» [4, 165 б.] дей келіп А.Байтұрсынұлы бұл үшін тұлғаның белгілі бір деңгейдегі тәжірибесі болуы керек деп қорытындылайды. Солайша, лингвистикалық интеллектіні қалыптастыру мен дамытуда ең бірінші сөздердің дұрыстығына мән беру керек. Тілді қолдануда қателіктердің орын алуының көп себебі осы қағиданың сақталмауынан. Ондай олқылықтарды болдырмау үшін сөздің лексикалық және грамматикалық қырларын ашатын кешенді жұмыстар жасалуы қажет. Білім алушы сөз мәнін түсініп, оны толық ажырататын дәрежеге жетпейінше кейінгі жұмыстар өз нәтижесін бермейді. Сондықтан біз бұл қадамды құрылымдық негіз деп санаймыз. Лингвистикалық интеллектіні дамытуда «сөз дұрыстығы» қағидасы консервативті сипатта болса да, басты әдіс ретінде қарастырылғаны жөн.


Екінші қағида – тіл тазалығы. «Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау» [4:165]. Әсіресе, қазіргі уақытта экстралингвистикалық факторлардың ықпалынан өзекті болып отырған мәселе. Жаргон, сленг, варваризм сөздерді әлеуметтік желіден тыс дәстүрлі қарым-қатынаста қолдану қалыпты нәрсеге айналып кетті. Тіл тазалығы мен құрылымын сақтау адамның жалпы интеллектуалды дәрежесін де көрсететіні белгілі болып отыр [11]. Айта кетерлігі, сөйлеу мен жазуда, коммуникацияның басқа да формаларында тілге жат бөтен сөздерді ұдайы қолдану лингвистикалық интеллектісі төмен тұлғаның көрінісі болып саналады. Екінші жағынан, бұл тұлға бойында лингвоэкологиялық дағдының жоқ екенін де көрсетеді. А.Байтұрсынұлы «жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз жатшылдық (жат сөзшілік)» [4, 165 б.] дейді. Аталған пайымда тіл мәселесінде оны дұрыс пайдаланудан бөлек, таза сақтаудың да басты міндет екені көрінеді. Лингвистикалық интеллектісі дамыған тұлға ең бірінші өз тілінде көркем де, таза сөйлеуі арқылы айқындалады. Сәйкесінше, тілдік зияттың шеңберіне кіретін ең маңызды дағды – тіл тазалығы. Ол түрлі сырттан енген лас сөздердің ағымдарына төтеп бере алатын қорғаныс функциясы бар дегенді және тілге деген терең ілтипаттың қалыптасқанын білдіреді. Сол үшін де тіл тазалығы бір аспектімен ғана шектелетін дүние емес. Бұл лингвистикалық интеллект иесінің функционалды қасиеттерінің іс жүзіндегі көрінісі. Оны қалыптастыруда келісідей міндеттерді орындауға болады: 1. Қолданыстан шыққан сөздерді пайдаланбау. 2. Тілімізде бар сөздердің орнына жат сөздерді қолданбау. 3. Жаңадан енген сөздер мен диалектизмдерге әуес болмау. Ұлт ұстазы тұжырымдаған осы ережелерді қатаң ұстану тіл тазалығын қалыптастырады. Ол тұлғаның тілді сараптап, саралап қолдануына жол ашады. Тұлға және тіл ұғымдарының байланысы нығая түседі. Осы қағиданы лингвистикалық интеллектіні дамытудың екінші бір жолы деп санаймыз.

Үшінші қағида – тіл анықтығы. Біздің пікірімізше, аталған ерекшелік тіл мен интеллектінің байланысын анық танытады. «Айтылған лебіз ашық, мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктірмейтін болса, *тіл анықтығы* дегеніміз сол болады. Лебіз ашық, мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек» [4, 165 б.]. Бұл принцип бойынша екі бірдей мәселеге мән беруге болады. Атап айтқанда ең алдымен айтылар ой анық және нақты болуы шарт. Тұлға өз сөзінің төркінін ақылымен тануы керек. Екінші жағынан түбегейлі анализ бен танымдық процесс нәтижесінде қалыптасқан ойдағы бейне тіл арқылы репрезентацияланады. Сөйтіп, ой мен тіл іс жүзінде тоғысады. Тілді қолданушы өз ойын сөзімен дәл түйістіре алса, дамыған лингвистикалық интеллект көрінісі болмақ. Тіл анықтығын қалыптастыру үшін А.Байтұрсынұлы көрсеткені секілді бірнеше қағидаттар ескеру қажет. 1.Сөздердің өз мағынасына сай қолданылуы. 2.Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі мен тіркесім заңдылығының сақталуы. 3.Сөйлемдердің құралу заңдылықтарын сақталуы. Көрсетілген принциптерді қатаң ескеру, айтылар ой мен сөздің сәйкесімділігін бұзып алмау тілдің анықтығын қамтамасыз етеді. Ол коммуникацияның анық өрбіп, тілдің сапалы түрде қолданылуына негіз болады.

Төртінші қағида – тілдің дәлдігі. Бұл ұғым жайлы ғалым: «Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз мағынасы дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек» [4, 168 б.] дейді. Бұл жоғарыда тоқталып өткен лексикалық принципке ұқсас. Алайда тілдің дәлдігі тек сөз мағынасын білумен ғана шектелмейді. Санадағы ойды басқаға нақ жеткізу үшін сөз мағынасын тереңінен түсіне отырып, оны басқа да мәндес бірліктерден ажырата білетін сезімталдық қажет. Нақтырақ айтқанда, тілімізде синонимдес, ұғымды бір-біріне жақын сөздер өте көп. Оған *батырлық, батылдық, қайсарлық, өжеттілік* секілді сөздерді жатқыза аламыз. Көп жағдайда тілдік субъект

осындай бірліктерді мағынасы жақын санап, қолдану барысында олардың контекстуалды-жағдаяттық сипатын шет қалдырып жатады. Не болмаса, сөздерді мәндес санап ретсіз жұмсайды. Бұдан тыс, ойды көркем жеткізуге тырысып, сөйлемді негізгі пікірге қатысы жоқ тек дыбысталуы жағынан ұқсас сөздермен толтыру жағдайлары да кездеседі. Мысалы: «Мен қартайған шағымда байы жоқ деп баққан жоқ, күйі жоқ деп күйген жоқ, қайраты жоқ деп қарасқан жоқ, әлі жоқ деп асыраған жоқ» [4, 169 б.]. Осылайша, сөз мағынасын тереңінен ажырата алмау мен сөйлемді артық сөздерге толтыру тілді ең басты қасиеті – дәлдігінен айырады. Сол үшін де лингвистикалық интеллектіні дамыту әрекетінде тіл дәлдігі міндетті компонент саналады.

Бесінші қағида – тіл көрнектілігі. Оны А.Байтұрсынұлының тілімен «өң берілген сөз» деп айтуға да болады. Тіл қағидалары сақталып, ой мен сөз тоғысып, бірліктер дәл және орынды жұмсалғаннан кейінгі орында оның көркем қолданылуы тұрады. Тіл әсерлі болмаған жағдайда өзінің прагматикалық қасиетін жоғалтады. Г.Гарднер лингвистикалық интеллектінің айрықша ерекшеліктерінің біріне сөзді прагматикалық тұрғыда мақсатқа сәйкес қолдана білуді жатқызды. Ал, тілдің көрнекті де мәнді болуы ол эстетикалық мақсаттан тыс, функционалды-практикалық қызметті де атқарады. Тұлға басқаларға ықпал ету, әрекетке итермелеу, не болмаса өз мақсатын орындау үшін тілдің осы белгісін еркін пайдалана алады. Ол әрине жоғары лингвистикалық интеллект белгісі болып саналады. Бұл турасында ғалым: «Адамға дерексіз заттан деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде, сөзі толық түсінікті болуы үшін дерексіз затты деректі заттарша, бернесіз заттарды бернелі заттарша сипаттайды, жансыз заттарды жанды затша ғамалдайды» [4, 169 б.] дейді. Яғни, өз аргументациясын дәлелді ұсынып, ой өткірлігін арттыру мақсатында тұлға көркем ойды өңдеп сөзбен тоғыстырады. Бұл күрделі ақыл-ой әрекеті. Оған дәлел ретінде теория авторы ақын, жазушыларды жоғары лингвистикалық интеллект иелері деп санаған. Осы себепті бұл қағиданы тілдік зиятты дамытудың функционалды-практикалық дағдысына жатқызамыз. Қарастырылған қағидаларды келесідей көрсетуге болады.



1-сурет – Лингвистикалық интеллектіні дамытудың лексика-құрылымдық әдіс қағидалары

Қорытынды. А.Байтұрсынұлының зерттеулеріндегі «лингвистикалық интеллект» ұғымы бірнеше сипатқа ие. Оның теориялық анықтамасына қарағанда, қолданымдық ерекшеліктері анағұрлым нақты сараланған. Ғалымның «сөз өнерінің ғылымын білу» деген тұжырымы тілдің терең қатпарларын игеріп, оны мінсіз қолдануға жағдай туғызатын әдістеме. Талданған 5 қағиданы оқыту барысында қатаң ескеру білім алушылардың тілдік тәжірибе қалыптастыруына және сол арқылы лингвистикалық интеллектінің дамуына жол ашады. Бұл әрекеттерді жүзеге асыруда басты мән тілдің құрылымдық және лексикалық жүйесіне беріледі. Нәтижесінде білім алушы лингвистикалық жүйе туралы көзқарас қалыптастырады. Екінші жағынан, лингвистикалық интеллектіні дамытудағы басты шарт- сөз мағынасын сараптай білу дағдысы пайда болады. *Сөздің дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі және тіл көрнектілігі* қағидалары оқыту барысында тұрақты түрде ескерілетін болса, тіл қолдану сапасының артуына тікелей ықпал жасайды. Орындалатын қадамдар өз кезегінде лингвистикалық интеллектінің жетілуіне мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Johnson W., J Thomas. Bouchard Jr. The structure of human intelligence: It is verbal, perceptual, and image rotation (VPR), not fluid and crystallized [Text] / W.Johnson., J Thomas. Bouchard Jr. // *Intelligence*. – 2005. – №33 (4). – pp. 393-416.
- 2 Гарнер Г. Структура разума: теория множественного интеллекта [Текст]. / Г.Гарднер. – Москва: Вильямс, 2007. – 801 с.
- 3 Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал [Мәтін]. А.Байтұрсынұлы. – Астана: Алашорда, 2022. – 384 б.
- 4 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармашалр жинағы. I том [Мәтін]. А.Байтұрсынұлы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
- 5 Хомский Н. Язык и мышление [Текст]. / Н.Хомский. – Москва: Издательство МГУ, 1972. – 121 с.
- 6 Beauducel A., Brocke B., Detlev L. Perspectives on fluid and crystallized intelligence: facets for verbal, numerical, and figural intelligence [Text] / A. Beauducel, B. Brocke, L. Detlev / *Personality and individual differences*. – 2001. – №30 (6). – pp. 977-994.
- 7 Nikolaev B., Juergensen J. Relative verbal intelligence and happiness [Text] / B.Nikolaev, J.Juergensen // *Intelligence*. – 2016. – №59. pp.1-7.
- 8 Oliveira L., Brian J., Kelley E. Exploring the use of the verbal intelligence quotient as a proxy for language ability in autism spectrum disorder [Text] / L.Oliveira L, J. Brian, E. Kelley // *Research in Autism spectrum disorders*. – 2020. – №73.
- 9 Beaver K., Schwartz J., Al-Ghamdi M. A closer look at the role of parenting-related influences on verbal intelligences over the life course: results from an adoption-based research design [Text] / K. Beaver K, J. Schwartz J, M. Al-Ghamdi // *Intelligence*. – 2014. – №46. – pp. 179-187.
- 10 Luwel K., Foustana A., Onghena P. The role of verbal and performance intelligence in children's strategy selection and execution [Text] // K. Luwel, A. Foustana, P. Onghena // *Learning and individual differences*. – 2013. – №24. – pp. 134-138.
- 11 Edwards T., Dawies C., Willoughby E. More than g: verbal and performance IQ as predictors of socio-political attitudes [Text] / T. Edwards, C. Dawies, E. Willoughby // *Intelligence*. – 2025. – №108.

REFERENCES:

- 1 Johnson W., J Thomas. Bouchard Jr. The structure of human intelligence: It is verbal, perceptual, and image rotation (VPR), not fluid and crystallized. *Intelligence*. 2005, vol. 33, no. 4, pp. 393-416.
- 2 Garner G. Struktura razuma: teoria mnozhestvennogo intellekta [The structure of the mind: the theory of multiple intelligence]. Moscow, Vil'yame, 2007, 801 p. (In Russian)
- 3 Baitursynuly A. Til-kural [Language is a tool]. Astana, Alashorda, 2022, 384 p. (In Kazakh)
- 4 Baitursynuly A. Alty tomdyk shygarmashalr zhynagy. I tom. [Collection of works in six volumes. Volume 1]. Almaty, El-shezhire, 2013, 384 p. (In Kazakh)
- 5 Homskij N. Yazy'k i my'shlenie [Language and thinking]. Moscow, Izdatel'stvo MGU, 1972, 121 p. (In Russian)
- 6 Beauducel A., Brocke B., Detlev L. Perspectives on fluid and crystallized intelligence: facets for verbal, numerical, and figural intelligence. *Personality and individual differences*. 2001, vol. 30, no. 6, pp. 977-994.
- 7 Nikolaev B., Juergensen J. Relative verbal intelligence and happiness. *Intelligence*, 2016, vol. 59. pp.1-7.
- 8 Oliveira L., Brian J., Kelley E. Exploring the use of the verbal intelligence quotient as a proxy for language ability in autism spectrum disorder. *Research in Autism spectrum disorders*, 2020, vol. 73.
- 9 Beaver K., Schwartz J., Al-Ghamdi M. A closer look at the role of parenting-related influences on verbal intelligences over the life course: results from an adoption-based research design. *Intelligence*, 2014, vol. 46, pp.179-187.
- 10 Luwel K., Foustana A., Onghena P. The role of verbal and performance intelligence in children's strategy selection and execution. *Learning and individual differences*, 2013, vol. 24, pp. 134-138.
- 11 Edwards T., Dawies C., Willoughby E. More than g: verbal and performance IQ as predictors of socio-political attitudes. *Intelligence*, 2025, vol. 108.

Авторлар туралы мәліметтер:

Алтай Айдын Алтайұлы* – педагогика ғылымдарының магистрі, PhD докторант, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, 040000 Талдықорған қ., Қ.Сәтпаев көш. 20 а, тел.: +7-708-225-56-10, e-mail: altai.aidyn@bk.ru.

Абызова Айна Маратовна – PhD, оқытушы-дәріскер, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, 040000 Талдықорған қ., I.Жансүгіров көш. 187а, тел.: +7-775-005-05-51, e-mail: rakhimova-86@mail.ru.

Алтай Айдын Алтайұлы* – магистр педагогических наук, PhD докторант, Жетысуский университет имени И.Жансугурова, Республика Казахстан, 040000 г.Талдықорған, ул.К.Сатпаева 20 а, тел.: +7-708-225-56-10, e-mail: altai.aidyn@bk.ru.

Абызова Айна Маратовна – PhD, преподаватель-лектор, Жетысуский университет имени И.Жансугурова, Республика Казахстан, 040000 г. Талдықорған, ул. И. Жансугурова 187 а, тел.: +7-775-005-05-51, e-mail: rakhimova-86@mail.ru.

Altay Aidyn Altayuly* – Master of Pedagogical Sciences, PhD student, I.Zhansugurov Zhetysu University, Republic of Kazakhstan, 040000, Taldykorgan, 20a K.Satpayev Str., tel.: +7-708-225-56-10, e-mail: altai.aidyn@bk.ru.

Abyzova Aina Maratovna – PhD, Lecturer, I.Zhansugurov Zhetysu University, Republic of Kazakhstan, 040000 Taldykorgan, 187a Zhansugurov Str., tel.: +7-775-005-05-51, e-mail: rakhimova-86@mail.ru.

XFTAP 14.23.01

ӨОЖ 37.026:378

<https://doi.org/10.52269/RWEP252211>

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ФАКТОРЛАРЫ

Анарбек Л.А. – Шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Искакова А.Б.* – PhD, Computer Science факультетінің қауымдастырылған профессоры, Торайғыров университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы.

Кыякбаева У.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Педагогика және психология институты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Мектеп түлектерінің педагог мамандығын таңдау мотивтерін зерттеу және олардың таңдаған мамандығы туралы нақты түсініктерін қалыптастыру жаңа заманның жоғары білікті мамандарын даярлаудың қажетті шарттары болып табылады. Мақалада болашақ педагогтың акмеологиялық ұстанымының негізгі көрсеткіштері оның кәсіби құзыреттілігінің компоненті ретінде қарастырылады. Зерттеу мақсаты: мектепке дейінгі білім беру саласының болашақ педагогтарының акмеологиялық құзыреттілігін дамыту факторларын анықтау. Зерттеудің міндеттері: 1) жоғары білім беруде акмеологиялық тұғырды қолдану мәселесін зерттеу және талдау; 2) мектепке дейінгі білім беру саласының болашақ педагогтарының акмеологиялық құзыреттілігін дамыту факторларын анықтау. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін болашақ педагогтардың мамандық таңдаудағы негізгі мотивтері ретінде таңдап алынған әлеуметтік мотивтер, танымдық мотивтер, беделділік мотивтер және шығармашылық мотивтерге талдау жасалынды. 6B01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер арасында Е.М. Павлютенковтың «білім алушылардың мамандық таңдауға деген қызығушылығын анықтау әдістемесіне» сәйкес сауаланама жүргізілді. Зерттеу барасында алынған сауаланама нәтижелеріне Спирмен бойынша корреляциялық талдау жүргізілді. Сонымен қатар мақалада мамандықты таңдау мотивтерін қалыптастыру динамикасына әсер ететін факторлар келтіріледі.

Түйінді сөздер: акмеология, аксиология, дидактикалық шарттар, акмеологиялық құзыреттілік, әлеуметтік мотивтер, танымдық мотивтер, беделділік мотивтер, шығармашылық мотивтер.

ФАКТОРЫ РАЗВИТИЯ АКМЕОЛОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Анарбек Л.А. – старший преподаватель кафедры «Иностранные языки», Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.И. Сатпаева, г. Алматы, Республика Казахстан.

Искакова А.Б.* – PhD, ассоциированный профессор факультета Computer Science, руководитель образовательных программ, Торайғыров университет, г. Павлодар, Республика Казахстан.